бағдарламалық пакетте интеллектуалды Drag & Drop механизмі қолданылады. Оның негізгі қызметі, кейбір мәліметтер жобаның әртүрлі бөліктерінде және әртүрлі редакторларда қолданылады. Сондай мәліметтерді көшіріп – қою үшін Drag & Drop механизмі қолданылады. Мысал үшін бақылауыштың тегі HMI құрылғылар терезесіне көшіріледі, сәйкесінше HMI тегімен автоматты түрде фондық реттеу орнатады және оның бақылауыш тегімен байланысын орнатады. STEP 7 V13 сипаттамасы.

Simatic Step 7 – автоматтандыру жүйесін құруда сименс фирмасының S7-300/S7-400/M7/C7 және WinAC бақылауыштарына арналған бағдарламалық қамтама болып табылады. Бұл бағдарламалық қамтама ағылшын, италия және неміс телдеріне арналған интерфейспен шығарылады. Simatic Step 7 бағдарламасы Step 5 бағдарламасының өңделген түрі болып табылады. Қазіргі таңда олар келесідей түрге бөлінеді:

- Simatic Step 7;
- Simatic Step 7 Professional;
- Simatic Step 7 Lite.

Сименс фирмасының бақылауыштары негізінен, өндірісте технологиялық процестерді басқаруға арналған. Сименс фирмасының бақылауыштары LAD, FBD, STL програмалық тілдер арқылы бағдарламаланады. Дипломдық жоба барысында Simatic Step 7 Professional бағдарламалық қамтама таңдалды, өйткені оның жұмысының жылдамдығы басқа түрлеріне карағанда жоғары болып табылады. Жоғарыда айтып кеткендей Step 7, тек қана S7-300/S7400/M7/C7 бақылауыштарының бағдарламалық қамтамасы болып табылады. S7-1200 бақылауышының бағдарламалық қамтамасы ретінде, қазіргі таңда кеңінен қоладнылатын STEP 7 Professional болып табылады. Бұл қамтаманың тағы бір артықшылығы басқаларына карағанда өңделіп, жақсартылған болып табылады.

PIA Portal ортасында STEP 7 V13 бағдарламалау тілі, V4.0 операциялық жүйесі бар S7-300 орталық процессорларының жаңа функционалдық мүмкіндіктерін қолдауды қамтамасыз етеді. Ол тек қана автоматты басқаруды жобалауда, S7-300 бақылауышының базасында ғана қолданылады. STEP 7 Professional V13 пакеті S7-1200, S7-1500 (CPU V1.5), S7-300, S7-400, WinAC программалық бақылауыштар негізінде, автоматты жобалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл пакетінің құрамына өндірістік желінің ұйымдастыруға және аппараттық конфигурациялауға, параметірлерді баптауға, програмалауға, диагностикалауға, SIMATIC бақылауышының сәйкестігін анықтауға қажеті құралдар ортасы кіреді. STEP 7 Professional V13 құрамына сонымен қоса, SIMATIC WinCC Basic V13 операторлық панель конфигурациясын ұйымдастыруға арналған бағдарламалық қамтама кіреді. Сонымен қоса STEP 7 Professional V13 пакетінің функционалдық мүмкіндіктері кеңейтілген болып табылады, яғни жүйенің апаттық жағдайға қарсы қорғанысы және бағдарламалық қауіпсіздігі жақсартылған. STEP 7 Professional V13 тағы бір артықшылығы ол 32 разрядты және 64 разрядты операциялық жүйелі компьютерлерге орнатылады, яғни:

- 32 разрядты операциялық жүйелерге: Windows 7 Home Premium SP1 STEP 7 Basic) және Windows 7 Professional/ Enterprise/ Ultimate SP;


- 64 разрядты операциялық жүйелерге: Windows 7 Professional/ Enterprise/ Ultimate SP1 және Windows 8.1 Professional/Enterprise.

TIA Portal ортасы PLC және HMI жүйелерін құрудың біртұтас платформасы болып табылады. Өз кезегінде STEP 7 V13 және WinCC V13 программаларын қамтиды. Екі программа арасында желілік ақпарат алмасу негізінен халықаралық стандарт бойынша келесідей байланыс жүйелеріне негізделген:

- EIB;
- PROFINET;
- PROFIBUS;
- SINAUT ST7;
- Industrial Ethernet.


2.9 Басқару програмасын құру

Резервуарлы парктің технологиялық процесінің автоматты басқару жүйесін құру мақсатында TIA Portal интегралды ортасы таңдалды. Програмада PLC ретінде Siemens фирмасының S7 - 300 бақылаушының CPU 314C - 2 түрі таңдалды (2.11 - сурет). Оның құрамына аналогты кіріс және дискретті кіріс/шығыс сигналдарды қабылдаушы модульдері кіреді.




2.11 Сурет - Резервуарлы парктің CPU – 314C-2 орталық бақылаушы

Резервуарлы парктің автоматты басқару жүйесінің бейнелеу желісі 2.12 - суреттегідей келесі түрде болады.



2.12 Сурет - Резервуарлы парктің бейнелеу желісі

Резервуарлы парктің бейнелеу ортасы және бақылаушы, HMI адам – машина интерфейсі Industrial Ethernet өндірістік желісі арқылы байланыстырамыз. TIA Portal ортасында 2.13 - суреттегідей PN/IE_1 желісі арқылы жүзеге асырылады.



2.13 Сурет - Резервуарлы парк бақылаушы мен HMI арасындағы байланысы

Бағдарлама листингі


Резервуарлы парктің технологиялық процесінің автоматты басқару жүйесін құру S7-300 бақылаушының STEP 7 Professional бағдарламасы арқылы жазылады. STEP 7 - нің бағдарламалау тілі өз кезегінде STL, LAD, FBD деп аталатын үш түрге бөлінеді. Жоба барысында LAD бағдарламалау тілі қолданылды. Бағдарламалауға керек айнымалылардың символдар кестесі 2.14 - суретте көрсетілген. Символдар кестесінің толық түрі С қосымшасында көрсетілген.

Name	Data type	Address	Retain	Visibl...	Acces...	Comment
1	старт	Bool	%I0.0			
2	меркел	Bool	%M10.0			
3	су клапаны 155	Bool	%Q0.0			
4	мунай клапан 154	Bool	%Q0.1			
5	мунай клапан 153	Bool	%Q0.2			
6	мунай клапан 152	Bool	%Q0.3			
7	мунай клапан 156	Bool	%Q0.4			
8	лас су клапан 150	Bool	%Q0.5			
9	V 7-1 су деңгей	Real	%MD8			
10	V 7-1 мунай деңгей	Real	%MD12			
11	V 7-1 газ кысым	Real	%MD16			
12	өрт сактандыру клапаны	Bool	%Q0.6			
13	мунай клапан 167, 179	Bool	%Q0.7			
14	V 7-3 мунай деңгей	Real	%MD20			
15	V 7-3 су деңгей	Real	%MD24			
16	V 7-3 лас су клапан 178	Bool	%Q1.0			
17	V 7-2 су деңгей	Real	%MD28			
18	V 7-2 мунай деңгей	Real	%MD32			
19	V 7-2 газ кысым	Real	%MD36			
20	V 7-4 мунай деңгей	Real	%MD40			
21	V 7-4 су деңгей	Real	%MD44			
22	V 7-2 лас су клапан 170	Bool	%Q1.1			
23	V 7-2 су клапан 177	Bool	%Q1.2			
24	V 7-4 лас су клапан 182	Bool	%Q1.3			

2.14 Сурет - Өзара байланыс орнатуға қолданылатын символдар кестесі

Резервуарлы парктің технологиялық процесінің автоматты басқаруының бағдарламасы LAD тілінде келесідей бағанда жазылады

2.15 - суретте бағдарламаның толық түрі көрсетілген.



2.15 Сурет - Программалық терезесі

2.10 Жүйені басқарудың диспечерлік ортасын құру

2.10.1 TIA Portal WinCC V13 бағдарламалау ортасының сипаттамасы

Simatic WinCC дегеніміз – адам – машина интерфейсін құруға арналған бағдарламалау ортасы. Бұл дегеніміз жобалауды ойластырудан бастап, яғни, оператор панелінен бастап жоғары дәрежедегі тұтынушылық серверге дейінгі жобалауда, жоғарғы дәрежедегі есептерді шешуге арналған адам мен машина


арасындағы интерфейс. TIA Portal бағдарламасының құрамында бағдарламалау тілі мен машина – интерфейс арасындағы байланыс қамтылған болып есептеледі, яғни ешқандай басқа байланыстырушы бағдарламаны қажет етпейді және екі бағдарлама автоматты түрде өзара байланысқан интегралдық орта болып табылады. Таңдалған, яғни процесті басқаруды ұйымдастыруға қажет SIEMENS бақылаушысы болғандықтан, өз кезегінде SIEMENS-тің бағдарламалау тілі STEP 7, ол тиа портал бағдарламасының құрамында автоматты байланыс орнатылғандықтан WinCC таңдалып алынады. 2.6-кестедегі WinCC V13 бағдарламасы алдыңғы шығарылған бағдарламалар жиынтығының өңделген және жаңартылған түрі болып табылады.

2.6 Кесте - WinCC V13 мүмкіншіліктері

№	WinCC V13 адам – машина интерфейсінң мүмкіншіліктері
1	Технологиялық процестің жағдайы туралы хабарламаларды көрсету, сақтау және протоколдау
2	Технологиялық процесті визуализациялау
3	Скрипт тілдері ANSI C , VBS және VBA пайдалану арқылы жүйені кеңейтуге мүмкіндік береді.
4	Қосалқы жүйелерді құрастыру
5	Тұтынушылық – сервер жүйесінің оңай құрастырылуы
6	ActiveX элементін қолдану арқылы мүмкіндіктерін арттыру
7	Simatic Step 7 пакетімен өзара іс – қимыл
8	Ашық OPC интерфейсi


2.10.2 Диспетчерлік пункт

Резервуарлы парктің технологиялық процесінің диспетчерлік пункті резервуарлы паркте болып жатқан процесті басқару және бақылау үшін керек. Осыған орай диспетчерлік пунктінде бір терезе орналасқан, яғни 2.16 - суретте операторлық терезе орнатылған. Сонымен бірге «құжаттама» бөлімінде, оператор резервуарлы парктегі қолданылатын барлық құрылғылардың техникалық сипаттамасымен таныса алады.



2.16 Сурет - Диспетчерлік пункттің басты терезесі

Резервуарлы парктің технологиялық процесінің операторлық терезесінің бейнесі 2.17 – суретте көрсетілген.



2.17 Сурет - Операторлық терезе

Бұл терезе негізінде, оператор әр резервуар ішіндегі технологиялық процесті резервуар бейнесінің үстінен басу арқылы, арнайы бетшеге өтіп, процесті бақылай алады.

3 ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМ

3.1 Мұнай айдау станциясындағы резервуарлық паркке автоматтандыру жүйесін енгізу үшін технико-экономикалық негіздеме

Өндірістің автоматтандыру жүйелері кез-келген өнеркәсіпке тиімді болу мүмкін, себебі басқаруды автоматтандыру көлемі өнеркәсіптің спецификациясына байланысты талаптарымен өлшеуге болады.

Басқару жүйесін пайдаланған кездегі экономикалық тиімділік ең алдымен басқарудың сапасы мен сенімділігінің жоғарлауымен және т.б. көрсеткіштермен анықталатын автоматтандырылған өндірістің тиімділігінің жоғарлауына байланысты болады.

Басқару жүйесін құрғандағы экономияның негіздері келесідей болады:

- 1) Резервуар паркінің жұмысын басқару тиімділігі.
- 2) Есептеу техникасы құралдарын қолдану нәтижесінде технологиялық үрдістерді жасау мерзімдерін қысқарту.
- 3) Басқару сапасын және өндірістің жалпы ұйымдастыру деңгейін жоғарлату.
- 4) Резервуарлық парктің негізгі технико-экономикалық көрсеткіштерін оперативті есептеу.

Басқару жүйесі барлық өтулер мен стадияларында үрдістің ең тиімді жағдайларын жасау үшін арналған, және ол осы үрдістің параметрлерін алдын ала берілген деңгейде немесе оптималды варианттарын табу арқылы анықталады.

3.2 АБЖ-ны енгізу мен өндіруге жұмсалатын шығындарды есептеу

Бұл дипломдық жобадағы АБЖ-ны өңдеу жұмысында, ақпаратты есептеу орталығы қатысады. Ақпаратты есептеу орталығындағы өңдеу жұмысы 3 ай мерзімінде өтеді.

3.2.1 Өңдеушілер жалақысы

$$Ж' = N \cdot n \cdot Ж_{ж}$$

мұндағы N - өңдеушілер саны, адам.

n - өңдеу мерзімі, ай.

Ж_ж - айлық жалақы, теңге.

$$N = 2, \quad n = 1, \quad Ж_{ж} = 280000$$

Зейнетақы қорына және әлеуметтік мұқтаждыққа кеткен шығындармен бірге жалақы мөлшері:

$$Ж' = (Ж'_1 - Ж'_1 \cdot H_{II} / 100\%) \cdot H_C / 100\% + Ж'_1$$

мұндағы $Ж_{ж}$ - өңдеушілер жалақысы, теңге;

H_{II} - жалпы зейнетақы қорының шығын мөлшері, %;

H_C - әлеуметтік мұқтаждыққа кеткен шығын мөлшері, %;

Зейнетақы қорына бөлінетін норма - 10%, ал әлеуметтік мұқтаждыққа бөлінетін норма - 21% .

3.1 Кесте - Жұмысшылар жалақысы

№	Жұмысшылар	Саны	Жалақысы
1	Өңдеуші-инженер	1	98000
2	Өңдеуші-кенесші	1	86000
3	Бағдарламалаушы	1	96000
Қорытынды($Ж_{ж}$):			280000

3.2.2 Құрастыруға кеткен шығындарды есептеу

1) Өңдеуші - инженердің жалақысы - 98000 теңге

$$Ж'_1 = 2 \cdot 1 \cdot 98000 = 196000 \text{ теңге}$$

$$Ж_{\Theta 1} = (196000 - 19600) \cdot 0.21 + 196000 = 233044 \text{ теңге}$$

2) Кеңесшінің жалақысы - 86000 теңге

$$Ж'_2 = 2 \cdot 1 \cdot 86000 = 172000 \text{ теңге}$$

$$Ж_{K2} = (172000 - 17200) \cdot 0.21 + 172000 = 204508 \text{ теңге}$$

3) Бағдарламалаушының жалақысы - 96000 теңге

$$Ж'_3 = 2 \cdot 1 \cdot 96000 = 192000 \text{ теңге}$$

$$Ж'_{B3} = (192000 - 19200) \cdot 0.21 + 192000 = 228288 \text{ теңге}$$

$$\sum Ж'_{\Theta} = Ж'_1 + Ж'_2 + Ж'_3 = 233044 + 204508 + 228288 = 665840 \text{ теңге}$$

3.2.3 Автоматты техникалық өнімдердің есептелуі кезіндегі шығындар

Сонда, жұмсалатын жалпы капиталдық шығын:

$$Ш_{K} = Ж_{\Theta} + Ш_{кип} = 6658400 + 1016941 = 1682781 \text{ теңге}$$

3.2 Кесте - Құрал- жабдыктарға кеткен шығындар

№	Құрал- жабдыктардың Аталуы	Турлері	Саны	Құны, теңге	
				Бірлік құны	Жалпы құны
1	Қоректену блогы	PS3071B	4	12602	50408
2	Бағдарламалаушы контроллер	S5	3	82176	246528
3	Дискреттік кіріс модулі	6ES7321-1BP01-0AA0	1	22892	22892
4	Аналогты кіріс модулі	-	5	70157	350785
5	Дискреттік шығыс модулі	-	1	18188	18188
6	Шиндік модуль, кабель, қоректену блок	--	1	109475	109475
7	Персоналдық компьютер	PENTIUM	1	110700	110700
8	Интерфейстік модуль	6TS7153 - 3	1	107965	107965
Қорытынды (Жө)					1016941

3.3 Жылдық экономия мен экономикалық тиімділікті есептеу

АБЖ-ны пайдалануға дейінгі эксплуатациялық шығындарды есептеу үшін, құрал - жабдыктар мен аспаптардың құнын аламыз.

Сонда, АБЖ-ға дейінгі шығын 6505998 теңге құрайды.

Шығындарды есептеу:

1) Амортизациялық шығын:

$$Ш_A = C_{II} \cdot H_A / 100$$

мұндағы C_{II} - жүйенің баланстық құны,

H_A -аморизацияның жылдық мөлшері,%

$$Ш_A=0,12 \cdot 6505998=780720 \text{ теңге};$$

2) Жөндеу жұмысына кеткен шығын:

$$Ш_p = 0,08 \cdot 6505998 = 520480 \text{ теңге};$$

3) Электр қуатына кеткен шығын:

$$Ш_{\text{э}} = N \cdot \Phi_B \cdot C_T$$

мұндағы N - жүйеде тұтынылатын қуаттың соммасы, кВт;

Φ_B - жылдық уақыт қоры, сағ;

C_T - электр энергиясының құны, теңге.

$$Ш_{\text{э}} = 0,1 \cdot 8760 \cdot 5 = 4380 \text{ теңге};$$

$$Ш^1 = Ш_A + Ш_p + Ш_{\text{э}} = 780720 + 520480 + 4380 = 1305580 \text{ теңге}$$

3.3 Кесте - АБЖ-ны пайдалануға дейінгі құрал - жабдықтар мен аспаптардың құны

№	Құрал- жабдықтардың аттары	Түрлері	Саны	Бірлік құны теңге	Жалпы құны теңге
1	Термоэлектрлік түрлендіргіш	ТСП – 60	4	3594,9	14291,2
2	Қысым датчигі	STG94L	2	190489	380978
3	Манометр көрсеткіші	ДМ2005C rlEX	2	16588.2	33177.6
4	Аналогты кіріс модулі	-	5	70157	350785
5	Өлшегіш түрлендіргіш	НСП – 6GB3	6	14713,4	88280 4
6	Түбірден шығару блогы	ТШБ – 1	2	3214	6428
7	Басқару блогы	ББ – 21	12	3840	46080
8	Аналогты көрсетуші және тізімдеуші аспабы	А – 542 - 073	68	15360	1044480
9	Орындаушы механизм	МЭО	12	7031	84372
10	Сигнализатор деңгейі	FTL365 - 1	6	136932	821592
11	Оператор панелі	16 – 300У	6	7731,2	46387,2
Қорытынды					6 505 998

3.3.1 АБЖ-ны қолданғаннан кейінгі пайдалу шығындары

1) Амортизациялық шығын:

$$Ш_A = 0,12 \cdot 1016941 = 122033 \text{ теңге}$$

2) Жөндеуге кеткен шығын:

$$\text{Ш}_p = 0,08 \cdot 1016941 = 81355 \text{ теңге}$$

3) Энергияға кеткен шығын:

$$\text{Ш}_э = N \cdot \Phi_v \cdot C_T$$

мұндағы N - жүйеде тұтынылатын қуаттың соммасы, кВт;

Φ_v - жылдық уақыт қоры, сағ;

C_T - электр энергиясының құны, теңге.

$$\text{Ш}_э = 0,1 \cdot 8760 \cdot 5 = 4380 \text{ теңге}$$

$$\text{Ш}^2 = \text{Ш}_A + \text{Ш}_p + \text{Ш}_э = 122033 + 81355 + 4380 = 207768 \text{ теңге.}$$

3.3.2 Жылдық экономия

$$\text{Э} = \text{Ш}^1 - \text{Ш}^2 = 1305580 - 207768 = 1097812 \text{ теңге}$$

3.3.3 Жылдық экономикалық тиімділік

Бір жылдық экономия мына формуламен есептелінеді:

$$\text{Э}_{\text{ТИТМ}} = \text{Э} - E_{\text{П}} \cdot K_{\text{ҚОС}} ;$$

мұндағы Э - жылдық экономия;

$E_{\text{П}}$ - тиімділік коэффициенттерінің мөлшері;

$K_{\text{ҚОС}}$ - қосымша капиталды шығын;

$$\text{Э}_{\text{ТИТМ}} = 1097812 - 0,32 \cdot 1682781 = 673112 \text{ теңге}$$

3.3.4 Өтеу мерзімі

$$T_{\text{Ө.М}} = K_{\text{ҚОС}} / \text{Э}_{\text{ТИТМ}} = 1682781 / 673112 = 2,5 \text{ жыл}$$

Өз құнын өтеу уақыты – 2.5 жыл;

$$E_p = 1 / T_{\text{Ө.М}} = 1 / 2,5 = 0,4;$$

$$E_p > E_{\text{П}}; \quad 0,4 > 0,32$$

Сонымен жасалған есептеулер берілген жобаның экономикалық тиімділігін дәлелдейді.


4 ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ

4.1 Мұнайды дайындау және айдау станциясындағы технологиялық процестің АБЖ –сын құру

Жобалау жұмыстың негізгі бөлімі МДАС тағы резервуар паркін жаңартуға және автоматтандыруға негізделген: «ПЧ - АД» жүйесін енгізу, және де технологиялық процестердің автоматты басқару жүйесін енгізу. Бірақ оператордың бұл процестерден хабардар болып отыруы тиіс. Резервуарлы парктегі жұмыс әр уақытта мұнаймен байланысты. Резервуарға мұнай құю, резервуарға қызмет көрсету, мұнайды судан тазарту жұмыстары өрттің пайда болуы және мұнайдың тұтылуынан ауаның ластануына әкелетін қауіпмен жасалынады.

Өндіріс басында апаттық жағдайдың пайда болуын азайту үшін, алдын ала ол жағдайға алып келетін факторларды анализдеу керек. Кез келген жағдайда қандай іс – әрекет жасау керектігін белгілеу керек.

Резервуарлы парк 4.1 - суреттегі келесілердің жиынтығынан тұрады: төрт резервуар РВС 1000, өрт сөндіру жүйесі, диспетчерлік бөлме, машина залы.



1,2,3,4 – Резервуарлар РВС-1000; 5 – Сорғы залы; 6 – Өрт сөндіру құрылғылары тұратын зал; 7 – Диспетчерлік байланыс бөлмесі.

4.1 Сурет – Резервуар паркіндегі нысандардың орналасу сұлбасы

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде өндіріс аймағында жұмысшылардың жұмыс жасау қабілеті жоғарғы деңгейде болу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қандай жұмыс жасалуы керек екендігі айтылады. Мысалы: өндіріс аймағында түнгі уақытта жарықтандыру қызметі, мұнайдан шығатын улы газдардан қорғау үшін және электр қуатынан қорғану үшін арнайы киіммен жабдықталуы керек және тағы басқа. Мен, бұл дипломдық жобамның негізінде таңдалып отырған өндіріс аймағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуім керек. Ең алғаш маған өртті сөндіру емес, оның туындамауы үшін жағдай қалыптастыру керек. Өрт туындаған күннің өзінде адам өмірін өрттен арашалау үшін, жұмысшылардың өрт аймағынан шығу жолын көрсету. Өртті сөндіру үшін қолданылатын судың, көбіктің қайдан алынатыны туралы толық жазуды көздедім.

4.2 Еңбек шарттарын анализдеу

Еңбек қорғау мәселелерінің мақсаты – өндірістік жағдайларда жұмыскерлердің организмдеріне жағымсыз әсер тигізетін зиянды факторларды толығымен жою.

Кәсіпорындарда өндірістік травматизмді азайту үшін жұмысшыларға еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдері жөнінде дер кезінде және сапалы нұсқау беріліп отыруы керек. Барлық кәсіпорындарында оларды қауіпқатерлік өзгешелігі мен дәрежесіне және жұмысшылардың мамандық дәрежесі мен стажына қарамай еңбек қорғау жөнінде нұсқау міндетті түрде жүргізілу керек.

Мен диплом алды практика өткен жерде жұмыс тәулік бойы үздіксіз жүргізіледі, сол себепті жұмысшылардың еңбек көрсеткіші жоғары болуы үшін және өздерін сау сезіну үшін керекті жағдай жасалынады. Диспетчерлік қызмет бөлмесі параметрлері 7x7x3. Мұндағы датчиктер мен құрылғылардың көрсеткішін бақылауға арналған компьютер орналасады. Сонымен қоса жұмыс 12 сағаттық ауысыммен жүргізілетіндігінен, демалуға арналған бөлме бар. Оператор қызметкері барлық процесті бақылап және қадағалап отыратындықтан, оның денсаулығына көп көңіл бөлу керек. Себебі, қандай да бір апаттық жағдай туындап, автоматты басқару жүйесі істен шыққан жағдайда, ол қолдық режимді қосып сораптарды, клапандарды және тағы басқа апаттық жағдайдың өршуіне әкелетін, негізгі факторларға жатқызылатын құрылғылардың жұмысын тоқтатуы керек.

Барлық сорғы құрылғылары және олардың асинхронды қозғалтқыштары, және де жиілікті түрлендіргіш қаптамасы мен микроконтроллер сорғы залында орналасады. Сорап агрегатының бөлмесінде сораптың агрегаты және оларды жергілікті басқаруға арналған стендтер орналастырылған.

Берілген нысанда жоғарғы қауіпсіздік көрсету үшін қазіргі таңдағы соңғы талаптарға сай техникаларды қолдану керек, құрылғы мен қосымша аспаптардың жөнделігін үнемі тексеріп және қадағалап отыру керек. Резервуарды үнемі тексеріп отыру керек.

Мұнайды сақтау резервуарлы паркінде зиянды және қауіпті фактор болып келесілер табылады:

- 1) Келесі жағдайларда туындайтын, мұнайдың жануы:
 - резервуардың немесе мұнайдың жоғарғы деңгейінде статикалық электр заряды жиналып қалған кезде, сол жерге от ұшқынының түсуінен;
 - резервуармен қызып тұрған құрылғылардың жанасуынан;
 - найзағай ойнап тұрған кезде резервуарға жалт түсуінен.
- 2) Келесі заттардың құрамындағы жарылғыш қоспаның жарылуынан:
 - резервуардың газ қуысында;
 - резервуар жанындағы ауа ішінде.

4.3 Құрылғылардың техникалық сипаттамасы

Резервуарлы парктегі электр желісі МДАС –дегі басқа нысандармен бірдей, үш фазалы тұрақты $U=380V$ кернеумен. Тұрмыстық құрылғыларды және жарықтандыруға керекті ток көзі үшін бір фазалы тұрақты $U=220V$ кернеуі бар электр желісі берілген.

Нысанның негізгі құрылғысы: төрт тік резервуар, екі асинхронды қозғалтқыш сәйкесінше екі ортаға тартқыш сорғымен бір тізбектегі, тиектер, микроконтроллер, жиілікті түрлендіргіштер 4.1 - 4.2 - 4.3 - 4.4 - кестелерде көрсетілген. Берілген нысанда жоғарғы қауіпсіздік көрсету үшін қазіргі таңдағы соңғы талаптарға сай техникаларды қолдану керек, құрылғы мен қосымша аспаптардың жөнделігін үнемі тексеріп және қадағалап отыру керек. Резервуарды үнемі тексеріп отыру керек.

4.1 Кесте - Резервуардың сипаттамасы

Параметрлердің атауы	Өлшеу бірлігі	Параметрлері
1. Құрылғы типі	PBC 1000	
2. Көлемі	м ³	1000
3. Биіктігі	М	11,92
4. Диаметр	М	10,43
5. Саны	шт.	4

4.2 Кесте - ЭД сипаттамасы

Параметрлердің атауы	Өлшеу бірлігі	Параметрлері
1.Құрылғы типі	Электроқозғалтқыш	
2.Электроқозғалтқыштың маркасы	Асинхронды	4AM250S2
3.Ротордың типі	Қысқа тұйықталған	
4.Фаза саны	шт.	3
5.Кернеу	В	380

4.2 кесте жалғасы

1	2	3
6.Номинальды ток	А	134,6
7.Қуат	кВт	75
8.Қуаттың коэффициенті		0,89
9.Полюстер саны	шт.	2
10.Айналу жиілігі	айн/мин	3000
11.Жұмыс режимі	Ұзақ	
12.ПӘК, кем дегенде	%	91
13.ІР –дің қорғаныс сатысы	Хх	54
14.Салмағы	Кг	470
15.Ұзындығы	Мм	915
16.Биіктігі	Мм	640
17.Ені	Мм	554
18.Валдың диаметрі	Мм	65

4.3 Кесте - Сорғы сипаттамасы

Параметрдің аталуы	Өлшем бірлігі	Параметрлері
1.Құрылғы типі	Сорғы	
2.Сорғы типі, маркасы	Мұнайға арналған	ЦНС 60-165
3.Өнімділігі	м ³ /сағ	60
4.Қысымы	м.в.ст.	165
5.Қолданылатын қуаты	кВт	75,0
6.Айналым саны	айн/мин	2950

4.4 Кесте - ЖТ сипаттамасы

1	2	3
Параметрлер атауы	Өлшем бірлігі	Параметрлері
1.Құрылғы типі	Жиілікті түрлендіргіш	
2.Құрылғы маркасы	Siemens Micromaster 430	
3.Кернеу	В	380-400
4.Номинальды ток	А	145
5.Қуат	кВт	75
6.ІР –дегі қорғаныс сатысы		20
7.Қайта қосу 60 с	%	110
8.Ұзындығы	Мм	320
9.Биіктігі	Мм	850
10.Ені	Мм	350

4.4. Өрт қауіпсіздігі

Резервуар өртеңген жағдайда өрт аймағын есептеу

Майдың толық көлемі $(V) = 1000 \text{ м}^3$

$$q_i = 0,86 \cdot 10^3 \text{ кг} / \text{м}^3 .$$

Бірлік аймақтағы жанғыш заттар санын анықтау , $\text{кг} \cdot \text{м}^{-2}$

$$q_{\text{м1}} = \frac{q_i}{S} , \quad (4.1)$$

мұндағы S – резервуар аумағы

$$S = \frac{\pi \cdot d^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 10,43^2}{4} = 85,39 \text{ м}^2 , \quad (4.2)$$

$$q_{\text{м1}} = \frac{q_i}{S} = \frac{0,86 \cdot 10^3}{85,39} = 10,07 \text{ кг} \cdot \text{м}^{-2} .$$

Келтірілген жанатын заттың саны, $\text{МДж} \cdot \text{кг}^{-1}$

$$q_1 = q_{\text{м1}} \frac{Q_{\text{H1}}^P}{13,8} , \quad (4.3)$$

мұндағы Q_{H1}^P - жанған мұнай жылуы, мына мәнді $43,7 \text{ МДж} \cdot \text{кг}^{-1}$ қабылдаймыз.

$$q_1 = 10,07 \frac{43,7}{13,8} = 31,88 \text{ МДж} \cdot \text{кг}^{-1} .$$

Өрттің бастапқы сатысының ұзақтығын келесі формуламен есептеп шығарамыз ($V > 3 \cdot 10^3 \text{ м}^3$)

$$\tau_{\text{обс}} = 0,89 \cdot 10^{-2} \cdot \tau_{\text{обс}}^{\text{ыз}} \left(\frac{0,73 + 0,01g}{\varphi_{\text{ор}} \cdot Q_{\text{HCP}}^P \cdot u^2} \right)^{\frac{1}{3}} , \quad (4.4)$$

мұндағы $\tau_{\text{обс}}^{\text{ыз}}$ – өрттің бастапқы сатысының жалғасу ұзақтығын келесідей аламыз $30 \cdot 10^2 \text{ с}$;

u – өрттің таралуының сызықты жылдамдығы, мына түрде қабылдаймыз $0,3 \text{ м} \cdot \text{с}^{-1}$;

φ_{OP} – жанатын заттың, өрттің бастапқы сатысында, өртенуінің орташа жылдамдығы, $\text{кг} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1}$.

$$\varphi_{OP} = \frac{\sum q_{mi} \cdot \varphi_i}{\sum q_{mi}} = \frac{10.07 \cdot 0.04}{10.07} = 0.04 \text{ кг} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1}, \quad (4.5)$$

мұндағы φ_i – өрттің бастапқы сатысында мұнай салмағының жоғалу жылдамдығы.

$Q_{НОР}^P$ – жанатын заттың орташа жылуы, $\text{МДж} \cdot \text{кг}^{-1}$.

$$Q_{НОР}^P = \frac{\sum q_{mi} \cdot Q_{Hi}^P}{\sum q_{mi}} = \frac{10.07 \cdot 43.7}{10.07} = 43.7 \text{ МДж} \cdot \text{кг}^{-1}, \quad (4.6)$$

$$\tau_{обс} = 0.89 \cdot 10^{-2} \cdot 30 \cdot 10^2 \left(\frac{0.73 + 0.01 \cdot 31.88}{0.04 \cdot 43.7 \cdot 0.3^2} \right)^{\frac{1}{3}} = 50.251 \text{ с}.$$

Өрт аумағы, м^2

$$F_{\theta} = \left(\frac{t_i}{\tau_{HCP}} \right)^2 \cdot S, \quad (4.7)$$

мұндағы t_i – өртті тоқтатуға кететін уақыт, 10 минут (600 с) деп қабылдадым;

S – жанатын заттың алатын аумағы.

$$F_{\theta} = \left(\frac{600}{50.251} \right)^2 \cdot 85.39 = 768.42 \text{ м}^2. \quad (4.8)$$

Тек қана бір резервуар өртке оранған жағдайда, өрт аумағы $768,42 \text{ м}^2$ осы мәнге тең болады және өрттің бастапқы сатысының жалғасу ұзақтығы $50,251 \text{ с}$ болса.

Өрт қауіпсіздігі үшін жүргізілетін іс - шара.

Кешен нысандарының орналасуы келесі себептерге байланысты орналастырылады: өрт қаупі категориясына және кешеннің орналасқан аймағындағы жел розасына байланысты. Өндіріс нысанының категориясы: А - жарылу қаупі бар; Б-В - жарылу және өртену қаупі бар; Г-Д - өртену қаупі бар. Өндіріс аймағында әртүрлі категорияға жататын нысандар бар. Осы себептерге байланысты өндіріс басында автоматты түрде өрт сөндіру жүйесі қолданылады. МДАС –нің өрт сөндіру жүйесі келесі құрылғылар жиынтығынан тұрады:

- 1) Өртті сумен сөндіру жүйесінде келесілер қолданылады:
 - өрт сөндірудің сорғы станциясы;

- өрт кезінде қолданылатын судың резервуары;
- сақиналы магистральды құбыр желісі, құрамында өрт сөндіруге қолданылатын тиек бар;

- мұнай резервуарды және таза суды салқындатудың стационарлы желісі.

2) Өрт сөндірудің сорғы станциясы келесі құрылғылармен жабдықталған:

- өрт сөндіруге арналған екі ортаға тартқыш сорғы, 1Д 315-71 типінде, біреуі жұмыс жасап тұрған, біреуі қосалқы;

- көбік ерітіндісін жеткізу үшін екі ортаға тартқыш сорғы қолданылады, КМ 45/55 типінде, біреуі жұмыс жасап тұрған, біреуі қосалқы; □ көбік ерітіндісін сақтауға қолданылатын ыдыс, көлемі 5м³.

Резервуардан су алу 200 мм - лік екі сору желісімен іске асады. Өрт сөндіруге қолданылатын су екі өртқауіпсіздігін қамтамасыз ететін электрлі сорғылар арқылы 200мм –лік сақиналы таратушы желіге жеткізіледі (ВП 1,2). Оның өнімділігі 15 м³/сағ, қысымы 0,7 МПа (біреуі жұмыс жасап тұрған, біреуі қосалқы). Сорғыны электр қуатымен жабдықтау тәуелсіз екі электр көзімен қарастырылған. Сорғыны қолмен қосу –сорғы станциясы бөлмесінде, ал алыс қашықтықтан қосу –оператор бөлмесінен жүзеге асырылады. Өрт қауіпсіздігі сорғы станциясы ішкі өрт сөндіру су желісімен сонымен қоса көбік және көмірқышқылмен жұмыс жасайтын өрт сөндіргішпен жабдықталған.

3) Сақиналы өрт сөндіру құбыры әрбір технологиялық құрылғыны сумен қамтамасыз етеді, сонымен бірге резервуар маңы мен өндіріс алаңына суды қалай бөлу керектігі туралы жүйеде жұмыс жасайды. Әрбір сақиналы тармақта, және де әрбір стационарлы жүйенің өрт сөндіру құрылғысын тармақтан бөліп тастау тиегі қарастырылған. Тиектер құдықта қойылады.

4) Өрт шыққан жағдайда резервуардың қабырғасын суық сумен салқындату жүйесі келесі мақсаттар үшін қолданылады: ішінде жылулық деформация болғызбау үшін, қабырғаға жақын жердегі мұнайдың ұшу жылдамдығын төмендету үшін, қабырғаны қауіпсіз температураға дейін төмендету үшін.

5) Алыс қашықтықтан көбік жүйесімен өрттің алдын алу қызметіне келесілер жатқызылады:

- РВС резервуарлар;

- таза су резервуары.

Көбікпен сөндірілетін нысандар автоматты түрде өрт туралы электрхабарлағыштармен, ГПС-600 көбік жеткізетін құрылғымен жабдықталған. Өрт сөндіруші зат есебінде «Рауан-6» көбік шығарғыш құрылғысының 6% ерітіндісі негізінде көбік алынған.

Көбік шығарғыштың сорғысы көбік шығарғыш концентратты су ағынына ең жоғарғы қысыммен шашады. Көбік құрылғысын қосу келесі сұлба бойынша қарастырылады: Алыс қашықтықтағы –батырмалы қосқыштар көмегімен; Жергілікті –сорғы бөлмесінен қолмен:

- өрт сөндіруге қолданылатын суды сақтау үшін екі резервуар қолданылады (ТА-01 А/В);

- өрт сөндіруге қолданылатын су сақталатын резервуарды жылытып тұратын, сегіз жылытқыш құрылғы(HN-01I/J/K/L/M/N/O/P) ТА-01В сақтау резервуары үшін;

- өртті сөндіруге қолданылатын судың екі дизельдік сорғысы (РА-02А/В);

- дизельдік жанармайдың күндізгі қолданысқа кететін шығынын өтеу үшін, екі ыдысы (ТА-02А/В);

- екі электрлік қосалқы сорғы (РА-01 А/В);

- өртке қарсы қолданылатын суды таратудың сақиналы магистралі;

- өрт гидранты;

- жарықтандыру шкафтары, өрт гидранттарын.

4.5 Сұйық өнімнен зарядты бөліп шығару құрылғысында есептеу

Мұнай резервуарында жоғары көлемде зарядтың жиналуы, онда жарылыс болуға ықпал жасайтындығы бізге анық. Егер резервуар алаңында немесе жалпы өндіріс алаңында әр түрлі себептермен жарылыс болар болса, осы жарылыс әсерінен өрт туындайтыны белгілі. Сол себептерге байланысты мен таңдап отырған резервуар паркінде заряд әсерінен жарылыс болғызбау үшін, онда құрылғыдағы сұйық өнімнен зарядты бөліп шығару құрылғысын қолдануға тура келеді.

Резервуарда сұйық өнімнен (мұнайдан) зарядты бөліп шығарытын құрылғыны резервуардағы сұйықтық ағынындағы зарядтың тығыздығын төмендету үшін қолданылады. Резервуарды толтырған кезде мұнай құбырдан зарядталған күйде шығады.

Резервуардың ішінде пайда болатын зарядты бөліп шығару, резервуар ішіне арнайы құрылғы қондырылады.

Бұл жобада осы құрылғы ретінде жерге тұйықталған металдан жасалған тор алынды, ол жүктеуші жалғама құбырдың шетінде орналасады. Сол себепті зарядталған сұйықтық жалғама құбардан бірден жаңағы торға түседі.

Тор көлемін келесі формуламен есептеу керек

$$V_{TOP} = \frac{Q \cdot \tau}{3600}, \quad (4.9)$$

мұндағы Q - мұнайды жүктеу жылдамдығы, м³/сағ.;

τ- мұнайдағы зарядтың тұрақты уақыттағы релаксациясы, сек..

Бұл есептеулер мұнай құрамында белгілі кедергі бар деп алынған кезде жүргізілген (109 Ом·м). Мұндағы мұнайды толтыру жылдамдығы

$$Q = 3 \text{ м}^3/\text{сек.}$$

Зарядтың тұрақты уақыт релаксациясы

$$\tau = 50 \text{ мин} = 3000 \text{ сек.}$$

Онда тор көлемі келесідей болады

$$V_{\text{ТОР}} = \frac{3 \cdot 3000}{3600} = 2.5 \text{ м}^3, \quad (4.10)$$

Мұнай ағынынан зарядты бөліп шығаруға арналған құрылғы көлемін сәйкесінше РТМ 6.28-008-78 [26] бойынша анықталады және жалпы резервуардың жалғама құбырдың астыңғы бөлігінің 20% аспайтын көлемін алуы керек.

Сонда жоғарыда келтірілген көлем келесідей болады

$$V_{\text{ТОР}} = \pi \cdot r^2 \cdot H = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot H}{4} = \frac{3.14 \cdot 10.43^2 \cdot 0.2}{4} = 17.08 \text{ м}^3, \quad (4.11)$$

Жоғарыдағы есептеу бойынша, бұл дипломдық жобада сұйық өнімнен зарядты бөліп шығару құрылғысы берілген резервуардың жалпы көлемінің қандай бөлігін алатынын есептеп таптық.

Қорытындылай келе, өрттің алдын алу шараларын және өрт туындаған жағдайда қандай іс-шара жасау керектігін зерттедім. Ең алдымен менің мақсатым мұнайды дайындау және айдау станциясындағы мұнайды соңғы тазартудан өткізу үшін қолданылатын резервуардың өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек болды. Егер өрт туындаған жағдайда оны сөндіруге дейін оның жанған алауының алатын аумағын, мұнайдың қанша бөлігі жанатындығын есептедім. Өрттің алдын алу үшін резервуарға түсетін мұнай зарядын төмендетуім керек. Сұйық өнімнен зарядты бөліп шығару құрылғысының көлемін тауып, резервуарға қандай мөлшерде мұнай құюға болатынын есептедім. Резервуар басында өрт болған жағдайда, оны көбік резервуарынан түсетін сұйықтық жүретін магистральды құбыр арқылы сөндіру керек болады деп шешілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мұнайды дайындау және айдау станциясы мұнайды қабылдау (МДАС), сулы мұнайды бустерлік сорап станциясына дайындауға және қабаттық судың деңгейін қалпына келтірумен айналысатын құрылғы, апаттық жағдайда дайын мұнайды сақтауға арналған резервуарлар, қабаттық қысымды деңгейінде ұстау жүйесіне қолдану үшін қабаттық судың келесі берілістерін тазалау процесінің, басқа МДАС кен орындарына мұнайды айдау процестері болып табылады.

Дипломдық жобада резервуарлы парктің технологиялық процесінің автоматты басқару жүйесі зерттелді. Зерттеу объектісі ретінде қарастырылып отырған резервуарлы парктің клапандарының функционалдық және технологиялық сұлбалары сызылды. Жұмыс орнына жаңа құрылғылар мен бақылауыш таңдалып, резервуарлы парктің жұмысының қауіпсіздігін аттыру және отын шығынын азайту, яғни тиімді басқаруды ұйымдастыру үшін, жоғары жылдамдықты бақылауыштарға таңдау жасалынды. Процесс барысындағы шығындары реттеу мақсатында, бағдарламалық реттегіштер қолданылды. Соған қатысты TIA Portal интегралдық ортасы таңдалынды. TIA Portal ортасында резервуарлы парктің технологиялық процесінің бағдарламасы жазылды. Бағдарлама STEP 7 программасының LAD тілінде жазылды. Бағдарламаға қатысты жоба барысында резервуарлы парктің технологиялық процесінің блок - сұлбасы құрылды. TIA Portal интегралдау ортасында жазылған бағдарламаға қатысты, бағдарлама мен адам-машина интерфейсі арасында байланыс орнатылды. Резервуарлы паркте болып жатқан технологиялық процесті басқару және бақылау мақсатында TIA Portal ортасының WinCC адам-машина интерфейсінде резервуарлы парктің диспетчерлік пункті құрылды. Диспетчерлік пункт процесті тиімді басқару мақсатында реттегіштерді басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен қоса процесс барысындағы апаттық жағдайлар бақыланып басқарылады.

Экономикалық бөлімде резервуарлы паркті тиімді басқаруды ұйымдастыру мақсатында алмастырылу құрылғыларына жұмсалған шығынды табу мақсатында есептеу жүргізілді. Нәтижесінде жобалауда жүргізілген автоматты басқару жүйесінің тиімді екендігі анықталды.

Еңбек қорғау және қауіпсіздік бөлімінде жұмыс аймағының өрт сөндіру жүйесіне қатысты талаптар және жұмыс аймағында қалыпты жұмыс жасауды ұйымдастыру мақсатында, жұмыс аймағында өрттің пайда болмауына және өрт сөндіру қатысты есептер шығарылды. Резервуарлы парктің жұмыс аймағының адам денсаулығына зиянсыз болуы мақсатында есептеу жүргізіліп, өрт сөндіруге керекті жабдықтар таңдалынды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 А.С. Ключев, Б.В. Глазков, А.Х. Дубровский, А.А. Ключев. Проектирование систем автоматизации технологических процессов: справочное пособие. - М.: Энергоатомиздат, 2016. - 464 с.
- 2 ПЛК Siemens SIMATIC S7 - 300 // Промышленные системы автоматизации Siemens [Электронный ресурс] // URL: http://promsis.spb.ru/catalog/ad_siemens/automatic_systems/siemens_simatic_siplus_s7_300/.14.
- 3 Громаков Е. И., Проектирование автоматизированных систем. Курсовое проектирование: учебно - методическое пособие: Томский политехнический университет. - Томск, 2018.
- 4 В.М. Агапин, Б.Л. Кривошейн, В.А. Юфин. Тепловые и гидравлические расчеты трубопроводов для нефти и нефтепродуктов. – М.: Недра, 2000
- 5 Алиев Р.А., Белоусов В.Д., Немудров А.Г., Юфин В.А., Яковлев Е.И. Трубопроводный транспорт нефти и газа. – М.: Недра, 1988
- 6 Бакаев А.А., Олеярш Г.Б., Ивонина Д.С. Математическое моделирование при проектировании магистральных трубопроводов. – Киев: Наукова Думка, 1990
- 7 В.Е. Губин, В.В. Губин. Трубопроводный транспорт нефти и нефтепродуктов. – М.: Недра, 1982
- 8 Гусейнзаде М.А., В.А. Юфин. Неустановившееся движение нефти и газа в магистральных трубопроводах. – М.: Недра, 1981
- 9 Б.Т. Жумагулов, Ш.С. Смагулов, А.У. Евсеева, Л.А. Нестеренкова. Трубопроводный транспорт высоковязких и высокозастывающих нефтей. – Алматы: НИЦ «Галым», 2002
- 10 Зайцев Л.А. Регулирование режимов работы магистральных нефтепроводов. – М.: Недра, 1982
- 11 Р.Я. Исакович, В.И. Логинов, В.Е. Попадько. Автоматизация производственных процессов нефтяной и газовой промышленности. – М.: Недра, 1983
- 12 Б.Л. Кривошейн, П.И. Тугунов. Магистральный трубопроводный транспорт. – М.: Наука, 1985
- 13 Многосвязные системы управления./ под ред. М.В. Меерова. – М.: Наука, 1990
- 14 Н.К. Надиров, А.И. Каширский и др. новые нефти Казахстана и их использование: техника и технология нефтепроводного транспорта. – Алматы: Наука, 1983
- 15 М.В. Нечваль, В.Ф. Новоселов, П.И. Тугунов. Последовательная перекачка нефтей и нефтепродуктов по магистральным трубопроводам. – М.: Недра, 1976
- 16 Автоматизация и телемеханика магистральных нефтепроводов./ А.И. Владимирский, Ю.М. Дранговский, Л.А. Зайцев, Ю.В. Ливанов. – М.: Недра, 1976

17 Ишмухамедова Т.Р., Капанова А.К. Кәсіпкерлік іс-әрекеттің экономикалық негізі. Алматы: 2002.

18 Тугунов П.И., Новоселов В.Ф. Типовые расчеты при проектировании эксплуатации нефтебаз и нефтепроводов. – М.: Недра, 2001

19 Сулеев Д.К., Тяжин Ж.Т., Нургалиева Г.К. и др.. Охрана труда в нефтегазодобывающей промышленности. Алматы: КазНТУ, 2002.

20 Денисенко Г.Ф. Охрана труда: Учебное пособие для ВУЗов. М.: Высшая школа, 1985.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

МТБ -	Мұнай тасымалдау бекеті
БМТБ -	Бастапқы мұнай тасымалдайтын бекет
АМТБ -	Аралық мұнай тасымалдайтын бекет
МСБ -	Магистральды сорғылық бекет
МСА -	Магистральды сорғылық агрегаттар
ТСБ -	Тірегiш сорғылық бекеттер
ТСА -	Тірегiш сорғылық агрегаттар
ҚЖ -	Қосалқы жүйе
ҚРЖ -	Қысымды реттеу жүйесі
ЭЖЖ -	Энергия жабдықтау жүйесі
КҚЖ -	Катодты қорғау жүйесі
РП -	Резервуарлы парк
МЕАТ -	Мұнайды есепке алу түйіні
ЖҚҚҚ -	Жіберіп-қабылдауыш қырғыш құрылымы
СБТП -	Сызықты бөлімшелерді тексеретін пункттер
МДАС -	Мұнайды дайындау және айдау станциясы
ССУ -	Соңғы сепарациялау қондырғысы
ТШБ -	Тауар - шикізат базасы

А қосымша

Символдық кесте

akjol > PLC_1 [CPU 314C-2 PN/DP] > PLC tags > Default tag table [51]

Tags | User constants | System constants

Default tag table

	Name	Data type	Address	Retain	Visibl...	Acces...	Comment
1	старт	Bool	%I0.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
2	меркел	Bool	%M10.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
3	су клапаны 155	Bool	%Q0.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
4	мунай клапан 154	Bool	%Q0.1		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
5	мунай клапан 153	Bool	%Q0.2		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
6	мунай клапан 152	Bool	%Q0.3		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
7	мунай клапан 156	Bool	%Q0.4		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
8	лас су клапан 150	Bool	%Q0.5		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
9	V 7-1 су денгей	Real	%MD8		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
10	V 7-1 мунай денгей	Real	%MD12		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
11	V 7-1 газ қысым	Real	%MD16		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
12	өрт сақтандыру клапаны	Bool	%Q0.6		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
13	мунай клапан 167, 179	Bool	%Q0.7		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
14	V 7-3 мунай денгей	Real	%MD20		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
15	V 7-3 су денгей	Real	%MD24		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
16	V 7-3 лас су клапан 178	Bool	%Q1.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
17	V 7-2 су денгей	Real	%MD28		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
18	V 7-2 мунай денгей	Real	%MD32		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
19	V 7-2 газ қысым	Real	%MD36		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
20	V 7-4 мунай денгей	Real	%MD40		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
21	V 7-4 су денгей	Real	%MD44		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
22	V 7-2 лас су клапан 170	Bool	%Q1.1		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
23	V 7-2 су клапан 177	Bool	%Q1.2		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
24	V 7-4 лас су клапан 182	Bool	%Q1.3		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	

A1 Сурет – Символдық кесте

akjol > PLC_1 [CPU 314C-2 PN/DP] > PLC tags > Default tag table [51]

Tags | User constants | System constants


Default tag table

	Name	Data type	Address	Retain	Visibl...	Acces...	Comment
28	V 7-3 мунай клапан 181	Bool	%Q1.7		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
29	V 7-3 мунай клапан 184	Bool	%Q2.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
30	V 7-3 мунай клапан 183	Bool	%Q2.1		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
31	Tag_1	Int	%IW800		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
32	Tag_2	Bool	%M100.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
33	Tag_3	Word	%MW2		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
34	Tag_4	Int	%IW804		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
35	Tag_5	Word	%MW4		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
36	Tag_6	Bool	%M100.1		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
37	Tag_7	Int	%IW806		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
38	Tag_8	Bool	%M101.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
39	Tag_9	Word	%MW6		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
40	Tag_10	Int	%IW808		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
41	Tag_11	Bool	%M101.1		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
42	Tag_12	Word	%MW8		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
43	Tag_13	Int	%IW810		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
44	Tag_14	Bool	%M102.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
45	Tag_15	Word	%MW10		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
46	Tag_16	Int	%IW812		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
47	Tag_17	Bool	%M102.1		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
48	Tag_18	Word	%MW12		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
49	Tag_19	Int	%IW814		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
50	Tag_20	Bool	%M103.0		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	
51	Tag_21	Word	%MW14		<input checked="" type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>	

A2 Сурет – Символдық кесте жалғасы

Б қосымша


Бағдарлама ортасы



Б1 Сурет – Бағдарлама ортасы

Network 4:

Comment




Network 5:

Comment





Network 6:


Comment




Б2 Сурет – Бағдарлама ортасының жалғасы




Б3 Сурет – Бағдарлама ортасының жалғасы




Б4 Сурет – Бағдарлама ортасының жалғасы



Б5 Сурет – Бағдарлама ортасының жалғасы




Б6 Сурет – Бағдарлама ортасының жалғасы



Б7 Сурет – Бағдарлама ортасының жалғасы


▼ Network 16:

Comment



▼ Network 17:


Comment



Б8 Сурет – Бағдарлама ортасының жалғасы


▼ Network 18:

Comment



▼ Network 19:

Comment



Б9 Сурет – Бағдарлама ортасының жалғасы